

Қытай Халық Республикасының тауарлық кредиті туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 21 қараша N 1584. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.08.26. N 1056 қаулысымен.

Қытай Халық Республикасымен сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту, қазақстандық кәсіпорындардың өндірістік базасын дамыту және Қазақстанға 50 /елу/ млн. қытай юаны сомасында тауар кредитін бері туралы үкіметаралық келісімді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет пен Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігінің Қытай Халық Республикасының кредитін "Қазметаллэкспорт" сыртқы сауда компаниясы арқылы республиканың түсті металлургия кәсіпорындарына қажетті шикізат сатып алуды іске асыру туралы ұсынысы мақұлданын.

2. Қытай Халық Республикасының кредиті желісіне қызмет көрсету Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне тапсырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Экспорт-импорт банкі: Қытай Халық Республикасының өкілетті банкімен кредит келісімін жасасын; экспорттаушылармен контрактылар жасалуына қарай олардың банк сараптамаларын жүргізісін;

негізгі займшы - "Қазметаллэкспорт" сыртқы сауда компаниясынан қажетті кепілдемелік міндеттемелерін алып, сараптама нәтижелері бойынша ішкі кредит келісімін жасасын.

4. "Қазметаллэкспорт" сыртқы сауда компаниясына кредитті пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында конкурстық негізде экспорттаушыны тыңдап, ол бойынша сатып алуды жүзеге асыру ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда

министрлігіне республиканың түсті металлургия кәсіпорындары үшін шикізатты сатып алу жөніндегі контрактілерінің жүзеге асырылуына бақылау жасау жүктелсін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне кредиттің

пайдаланылуына бақылау жасау жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК